KASE

# АПТАЛЫҒЫ

23-27 қазан
2023



## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне "аФинанс Микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00010234 (MFAFb4) және KZ2P00010242 (MFAFb5) облигациялары, Абай облысы әкімдігінің KZMJ00001675 (AIK024_167) облигациялары, Жетісу облысы әкімдігінің KZMJ00001667 (JTK024_166) облигациялары және Еуропалық қайта құру және даму банкінің XS2708176610 (EBRDe20) халықаралық облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен 13 атаудағы бағалы қағаздар алынып тасталды.
- KASE-де "R-Finance" Микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00010036 (MFRFb8) облигацияларымен және АҚШ Қаржы министрлігінің US9128284Z04 (US_88_2508) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.

"Фридом Финанс" АҚ-на Еуразиялық даму банкінің KZ2D00009628 (EABRb40) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесін берді.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 24,2 млн МЕУКАМ-192 үшінші шығарылымын (KZKD00000626, MUM192_0003) және 27,2 млн МЕОКАМ-36 91-ші шығарылымын (KZK200000695, MOM036_0091) орналастырды
- Ұлытау облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00001642 (UTK024_164) облигацияларын орналастыру арқылы 4,8 млрд теңге тартты.
- Абай облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00001675 (AIK0024_167) облигацияларын орналастыру арқылы 3,5 млрд теңге тартты.
- Жетісу облысының әкімдігі 27 қазанда KASE-де KZMJ00001667 (JTK024_166) облигацияларын орналастыра отырып, 2,8 млрд теңге тартты.
- "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ Moody's Investors Service агенттігі корпорацияның корпоративтік кредиттік рейтингін B2 деңгейіне дейін төмендетуі туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Самұрық-Энерго" АҚ Fitch Ratings агенттігі қоғам рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ Fitch Ratings агенттігі қоғамның "ВВВ"деңгейіндегі ұзақ мерзімді рейтингін растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Кристалл Менеджмент" АҚ Қызылорда облысында көмірсутектерді өндіруге келісімшарт жасады.
- Kaspi.kz АҚ 2023 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы қаржылық нәтижелерін ағылшын тілінде хабарлады.
- Kaspi.kz АҚ ЖДҚ сатып алудың басталуы туралы ағылшын тілінде ақпарат берді.
- "Алтыналмас АК" АҚ 2023 жылдың үшінші тоқсанында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төледі.
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ KZ1C00000256 (IFDR)92 930 жай акцияларының орналастырылғаны туралы хабарлады.
- "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" СК" АҚ KZ1C00005388 (SABR) 26 344 жай акцияларының орналастырылғаны туралы хабарлады.
- "ҚазТрансОйл" АҚ Қашаған кен орнынан "Атырау-Самара" құбыры арқылы ай сайын кемінде 80 мың тонна көлемінде мұнай экспортын жүзеге асырады.
- Грузиядағы "ҚазТрансОйл" АҚ еншілес компаниясы 2023 жылдың тоғыз айында қазақстандық газды ауыстырып тиеуді 23 %-ға ұлғайтты.
- "ҚазТрансОйл" АҚ еншілес компаниясы "Астрахань–Маңғышлақ" магистральдық су құбырын жаңғырту шеңберінде гидросынақтары бастады.

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ 2023 жылдың тоғыз айындағы өндірістік нәтижелерін хабарлады.

| 27.10.2023 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 4 034,56 | -1,1 | 0,0 |
| Өтімділіктің бірінші сыныбы | Бағасы | Δ 7к | Δ 1а |
| | | ТРЕНДЫ | |
| Pfizer Inc. | 34,59 | 6,2 | 5,3 |
| АО "КазТрансОйл" | 866,00 | 1,8 | 4,1 |
| АО "ForteBank" | 3,68 | 1,4 | 1,1 |
| АО "KEGOC" | 1 523,50 | 1,4 | -4,2 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 846,67 | 0,9 | 18,8 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 779,96 | 0,4 | -1,0 |
| АО "Народный банк Казахстана" | 150,11 | 0,1 | 1,8 |
| Tesla, Inc. | 220,00 | - | -12,0 |
| АО "НАК "Казатомпром"" | 18 200,00 | -0,1 | -0,2 |
| АО "KM GOLD" | 117,00 | -0,2 | -2,5 |
| АО "Кселл" | 1 949,99 | -0,5 | -2,5 |
| АО "БАСТ" | 6 350,00 | -0,8 | -1,6 |
| Intel Corporation | 35,18 | -1,4 | 3,0 |
| AT&T Inc. | 15,19 | -1,7 | 2,3 |
| АО Kaspi.kz | 44 700,00 | -1,7 | -2,4 |
| PayPal Holdings Inc. | 53,49 | -2,7 | -9,4 |
| Bank of America Corporation | 26,14 | -2,8 | -4,9 |
| АО "НК "КазМунайГаз" | 11 400,00 | -3,0 | -4,6 |
| Freedom Holding Corp. | 78,93 | -3,7 | -9,3 |
| Apple Inc. | 167,89 | -4,3 | -3,5 |
| Ford Motor Company | 12,55 | -5,9 | -10,4 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 96,22 | -6,0 | 0,6 |
| АО "Казахтелеком" | 31 898,00 | -6,2 | -5,9 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




Жергілікті қор нарығында үшінші тоқсандағы операциялық нәтижелерді ҚазТрансОйл және Kaspi.kz ұсынды.

ҚазТрансОйл 2023 жылдың 9 айында магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайды жеке тасымалдау көлемінің 8 %-ға – 32,4 млн тоннаға дейін өсуі туралы есеп берді. Бұл ретте экспорт бағытын әртараптандыру және Ақтау портынан басқа елдерге қазақстандық мұнайды жеткізу көлемінің 53 %-ға өсуі жөніндегі жұмысты атап өтті. Мәселен, Германияға 589,6 мың тонна мұнай жеткізілді, Өзбекстан Республикасының аумағына 79,7 мың тонна мұнай тасымалданды. 2023 жылдың қазанынан 2024 жылдың сәуіріне дейін Атырау-Самара құбыры арқылы ай сайын кемінде 80 мың тонна тасымалдау жоспарлануда.

Kaspi.kz өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2023 жылдың қаңтар-қыркүйегінде таза пайданың 50 %-ға өсуі туралы есеп берді. Табыс әкелетін негізгі бағыттар маркет-плейс және финтех-сервистер болды. Компания АҚШ биржасында бағалы қағаздарды орналастыруға қатысты АҚШ-тың Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясына өтініш бергені туралы хабарлады. ЖДК-ні 100 миллион АҚШ долларына сатып алудың жаңа, алтыншы бағдарламасы жарияланды. Қазан айының соңындағы жағдай бойынша 250 миллион АҚШ долларынан астам акция сатып алынды. Сондай ақ Компания акцияға 850 теңге деңгейінде тоқсандық дивиденд төлеуді ұсынды.

Осы аптада, 2 қарашада SPO KEGOC жазылымы аяқталады. Орналастыру екі кезеңде өтті – 28 қыркүйектен 27 қазанға дейін қолданыстағы акционерлердің басым сатып алу құқығын іске асыру шеңберінде олардың өтінімдерін жинау жүргізілді және 16 қазаннан 02 қарашаға дейін кез келген инвесторлар акцияларды сатып алуға өтінім бере алады. 07 қарашада өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылданады, 9 қарашада жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізіледі. Компания жалпы сомасы 23 млрд теңгеге бір бағалы қағаз үшін бағасы 1 482 теңгеден 15,3 млн акция шығаруды жоспарлап отыр.

Өткен жұмада Қазақтелеком акционерлерінің кезектен тыс жиналысы өтті, оның шеңберінде 2022 жылға бір акцияға 3 038 теңге сомасына дивидендтер бекітілді. 29 қазандағы жағдай бойынша шоттарында Қазақтелеком акциялары бар адамдар дивидендтер алуға құқылы. Дивидендтерді төлеудің бекітілген күні – 30 қазан.

Жалпы, KASE Индексі қазан айы бойы бүйірлік трендте, жұма күнгі сауда-саттық 4 040 тармақ деңгейінде аяқталды.

Қараша айының басынан бастап корпоративтік капиталдың борыштық нарығында облигациялардың төрт эмитенті жалпы сомасы 17 млрд теңгеге сегіз шығарылым орналастырды: 10 млрд теңгеге қазақстандық тұрақтылық қорының үш шығарылымы, 1 млрд теңгеге Birinshi Lombard үш шығарылымы және әрқайсысы 3 млрд теңгеден Алтын Сапа ALM және KazWind Energy бір шығарылымы. Орналастыру өтеуге кірістілігі жылдық 14,75 %-дан 25 %-ға дейінгі бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге өтті.

Қазанның басынан бастап Қаржы министрлігі Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында жылдық 12,0 %-дан 14,0 %-ға дейінгі өтеуге кірістілікпен бір жылдан 11 жылға дейінгі мерзімге 168,4 млрд теңге сомасына жеті шығарылым орналастырды.

Жергілікті атқарушы органдар 12,4 млрд теңге сомасына үш шығарылымды, оның ішінде Абай облысының әкімдігінен екі орналастыруды және Ұлытау және Солтүстік Қазақстан облысының әкімдіктерінен бір-бір орналастыруды жүзеге асырды. Орналастыру екі жылға жылдық 0,35 %-дан 4,25 %-ға дейін өтеуге кірістілікпен өтті.

KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің жоғарғы дәлізінде сауда жасай отырып, жылдық 16,27 %-дан 16,81 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудалана отырып, жылдық 13,01 %-дан 13,50 %-ға дейін өсті.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




### Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,4%-ға әлсіреді. Мұнай бағасының өсуіне қарамастан, бірқатар факторлар ұлттық валютаның қысқа мерзімді әлсіреуіне ықпал етті.

Бұл жағдайға сыртқы факторлар да, ішкі факторлар да әсер етті. Сыртқы әсер ретінде АҚШ долларының жаһандық нығаюын атап өтетін болсақ. Ішкі факторлар қатарында бюджеттерді игерудің белсенді кезеңімен байланысты импорттаушылардың "маусымдық" сұранысы, валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норманың уақытша тоқтатылуы, сондай-ақ Ұлттық Банктің инфляцияның төмендеуі аясында базалық мөлшерлемені төмендетуін ескеруге болады.

Қыркүйек айындағы құбылмалылық әдеттегіден жоғары болғанымен, Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізген жоқ. Айдың қорытындысы бойынша Ұлттық қордан 1 млрд 155 млн АҚШ доллары сатылды. Бұл біз осыған дейін ұсынған болжамды мәндерге сәйкес келеді. Қазан айында 1,5-тен 1,6 миллиард АҚШ долларына дейін сатуды жоспарлап отырмыз.

БЖЗҚ және ҚДКБК тарапынан тиісінше, 200 және 60 млн АҚШ долларды сатып алынды. Қазан айында БЖЗҚ үшін сатып алу көлемі 100-ден 150 миллион АҚШ долларына дейін, ҚДКБК үшін 50-ден 70 млн АҚШ долларына дейінгі көлемді құрайды.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.23)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2023, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 570,71 | -1,74 | -0,91 | 3,45 |
| USDKZT | 470,30 | -1,83 | -0,13 | 2,95 |
| EURKZT | 496,78 | -2,06 | -0,62 | 1,88 |
| CNYKZT | 64,26 | -1,86 | -0,26 | -2,49 |
| RUBKZT | 5,04 | 0,60 | 2,83 | -20,84 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 4 117,37 | 25,3 | -3,7 | 8,1 | -75,9 |
| Dow Jones | 32 417,59 | 88,8 | -3,4 | 1,2 | 825,9 |
| РТС | 1 079,07 | -69,3 | 8,0 | -2,4 | 2553,9 |
| ММВБ | 2 285,53 | -43,5 | 0,0 | 0,0 | 2553,9 |
| Hang Seng | 17 398,73 | 274,0 | -1,2 | 12,8 | 135,2 |
| SS CSI 300 | 3 562,39 | -52,0 | -3,7 | -1,9 | 1,8 |
| Euro Stoxx 50 | 4 014,36 | -0,3 | -2,8 | 11,4 | -0,3 |
| FTSEuroFirst | 4 627,00 | -2,2 | -3,4 | 8,0 | -0,8 |
| FTSE 100 | 7 291,28 | -1,5 | -4,0 | 3,1 | -1,5 |
| KASE | 4 034,56 | -1,1 | 0,0 | 29,5 | |

## Шикізат нарығы

27.10.2023

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 90,48 | -1,8 | -6,3 | -6,7 |
| Мұнай (WTI) | 85,54 | -3,6 | -8,7 | -4,0 |
| Табиғи газ | 3,16 | 9,1 | 14,5 | -39,0 |
| Мыс | 364,60 | 2,3 | 0,5 | 3,6 |
| Темір | 941,00 | 2,6 | 1,9 | 31,5 |
| Алтын | 2 006,37 | 1,3 | 7,0 | 20,6 |
| Күміс | 22,89 | -2,6 | 1,8 | 17,4 |
| Астық | 575,50 | -1,8 | -0,7 | -31,4 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 30.10 | Германияның ЖІӨ (т/т) (3 тоқ) | EUR | -0,3% | 0,0% |
| 31.10 | Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаз) | CNY | 50,2 | 50,2 |
| 01.11 | ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім | USD | 5,5% | 5,5% |
| 01.11 | JOLTS еңбек нарығындағы ашық бос жұмыс орындарының саны (қырк) | USD | 9,270M | 9,610M |
| 02.11 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қараша) | GBP | 5,25% | 5,25% |
| 02.11 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны | USD | 210K | 210K |
| 03.11 | Ауыл шаруашылығы емес секторда жұмыспен қамтылғандар санының өзгеруі (қаз) | USD | 188K | 336K |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 11,8% | 01.10.23 | 13,1% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 31,9 | 01.10.23 | 33,6 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 8 843,5 | 01.10.23 | 9 068,2 |
| Ақша масса, млрд KZT | 34 975,3 | 01.10.23 | 34 486,8 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 әлсіз | 03.03.23 | BBB-/A-3 негативті |
| Moody's | Baa2/әлсіз | 11.08.21 | Baa3/позитивті |
| FitchRatings | BBB/әлсіз | 26.05.23 | BBB/әлсіз |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023